

Бекітемін
ЖШС «Айсана» жекеменшік
 балабақшасының меңгерушісі :
 Кырманшина Д.С.



ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы : ЖШС «Айсана» жекеменшік балабақшасы

Топ: « **Балапан** » кіші жас

Балалардың жасы: 2 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 01.09.2023ж.

Педагогтың аты-жөні : **Сергазина А.М.**

Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Әңгімелесу: "Балалардың балабақшаға үйренісуінің ерекшеліктері", "Балалардың ең сүйікті ойыншығы мен заты туралы", "Баланың қандай тағамға аллергиясы бар?"				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Ойын бұрыштарындағы	30 - тамыз. Конституция күні	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Қолдағы ойыншықтың атауын	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы

<p>ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>өсімдіктерді бақылау, топырақтың құрғақ болғанына көңіл аудару, фикусті су құйғыш арқылы суаруды көрсету.</p>	<p>ойыншықтарды сұрап әкелту.</p>		<p>сұрау, ойын бұрышына апарып қойғызу.</p>	<p>өсімдіктерге көңіл аудару, фикус жапырақтарының жалпақ, үлкен және жапырағының беті тегіс болуын байқату, қолмен сипатқызу.</p>
	<p>Саусақ жаттығуы. "Бес саусақ". (сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Қолдың ұсақ моторикасын, сөйлеу тілін, жағымды эмоцияларды дамыту, ақыл-ой дамуына ықпал ету. Оң қолымда бес саусақ, Сол қолымда бес саусақ. Оларды атап шақырар, Әрқайсының аты бар. Бас бармақ, Балаң үйрек, Орган терек,</p>	<p>"Балабақшаға келе жатқанда мен не көрдім?" тақырыбындағы бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Тақырып бойынша сөздік қорларын белсендіру. Педагог балалардан балабақшаға келе жатқан жолдарында не көргендерін айтуды сұрайды (көп көліктер, балалар, автобустар, бағдаршам және тағы</p>		<p>Пішін салғыш ойыншықпен ойын. (сенсорика, көркемсөз) Мақсат-міндеттері. Балалардың жағымды көңіл күйлерінің пайда болуына мүмкіндіктер жасау; ойлау қабілетін, зейінін, қолдың моторикасын дамыту. Пішіндер шашылып қалды, Үйшіктеріне қонбады. Қане, барлығын</p>	<p>Пирамиданы жинау ойыны. (сенсорика) Мақсат-міндеттері. Балалардың жағымды көңіл күйлерінің пайда болуына мүмкіндік жасау; ойлау, қабылдау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Кім пирамиданы шашқан, Сақинаны ойнап басқан, Өткір тырнақтарын бүріп, Домалатып, айдап</p>

	Шылдыр шүмек, Кішкене бөбек.	басқа).		жинайық, Ұяларға салайық. Саусақ жаттығуы: «Қуырмаш» Міндеттер: балалар ән сөзіне қарай қимыл жасай алады. Қолдың ұсақ моторикасы дамиды. (Музыка)	қашқан? Қимылды ойын. «Доптарды салу» Міндеттер: Доптарды себетке сала алады. Ойынды ұйымшылдықпен ойнай біледі. (Дене шынықтыру)
Таңертеңгі жаттығу	<p>Жаттығулар кешені. (дене шынықтыру)</p> <p>1. "Қанаттарымызды қағамыз" жаттығуы. Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол белде. Алға қарай еңкейеміз. Бастапқы қалыпқа келеміз. Демді ішке тартамыз. Қолымызды төмен түсіреміз. Демді сыртқа шығарамыз. Құстардың қанаттарының қимылына еліктей отырып, қолдарымызды жоғары және төмен сермейміз. (3 рет қайталау)</p> <p>2. "Шапалақтаймыз" Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол төменде. Бір дегенде қолымызды көтеріміз. Екі дегенде шапалақтаймыз. Бір. (Балалар қолдарын көтереді.) Екі. (Балалар шапалақтайды.) (3 рет қайталау.)</p> <p>3. "Көңілді баламыз". Бастапқы қалып аяқ иық деңгейінде, қолдар белде. Бір орында секіру. 8 рет. Бір орында жүру, тыныс алу жаттығуы.</p>				

<p>Таңғы ас</p>	<p>Тамақтану рәсіміне қызығушылықты қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз) - Алақай! Алақай! Барамыз дастарқанға қарай: Ботқамыз дәмді, аппақ, Болмаймыз сатпақ. Қасықпен алайық, Асықпай асайық. Д. Ахметова</p>				
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>Балалардың жағымды көңіл күйлерін қамтамасыз ету үшін әлдилеу әуендерін бәсеңдеу дыбыста қосып қою. Ойыншықтарды өздері қолмен ұстап, сипап көруі. "Сәлем!" мультфильмін көру. Мақсаты - балалардың эмоцияларын жетілдіру; ересек пен топтастардың жанында жүріп, ортақ жағымды көңіл күйге бөленуіне мүмкіндік жасау. (сөйлеуді дамыту)</p>				
<p>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p>Жазғы ойын-сауық</p>	<p>Жазғы ойын-сауық</p>		<p>Жазғы ойын-сауық</p>	<p>Дене шынықтыру. "Тақтай бойымен жүреміз" Мақсат-міндеттері. Балаларға ересектің көмегімен гимнастикалық тақтайдың бойымен жүруді үйрету; саптағы жаттығуларды жасағанда тепе-теңдікті сақтауға және кейіпкер Данамен бірге</p>

					<p>жаттығуларға қосылуға ынталандыру; балалардың ептілік және жылдамдықтарын жетілдіру, дене, қол, аяқ бұлшық еттерін дамыту; жаттығуларды дұрыс жасай білу қабілетін жетілдіру.</p> <p>"Түлкі мен балапандар" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Ойын ережесі бойынша ойнауды үйрету. Қимыл жылдамдығы мен шапшаңдығын дамыту.</p>
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!"				
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету.				
Серуен	Топырақты бақылау. Мақсат-міндеттері.	Күнді бақылау. Мақсат-міндеттері. Балаларды күннің		Аспанды бақылау. Мақсат-міндеттері. Балаларға аспанның	Желді бақылау. Мақсат-міндеттері. Балаларға

	<p>Балаларға топырақтың дымқыл не құрғақ болғанын көрсету, құрғақ жермен жүруді ұсыну.</p> <p>Педагог дымқыл топыраққа табанын басып, балаларға табанға балшықтың жабысатынын көрсетуі мүмкін.</p> <p>- Балалар, біз дымқыл жерді басып жүрсек, табанымыз кірлеп қалады.</p> <p>Абайландар! Құрғақ жермен жүрейік.</p> <p>- Балалар, топырақта індер болады. Инде нелер жысырынды? Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру. Мақсат-міндеттері.</p>	<p>аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, жылу мен жарықты беруі туралы айтылып жатқанда, қолдарын жайып, жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөлінуге ынтыландыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру.</p> <p>Педагог балаларға кимылдарды көрсетіп жатады, балалар соңынан қайталайды.</p> <p>Алтын күнге ұқсайық, Қолдарды, кел, созайық. Қолдарымыз - шуақтар, Жайылады жан-жаққа.</p> <p>Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан</p>		<p>жоғарыда шатырдай болып тұрғанын, түсін атап айтуды, аспанның ашық немесе бұлтты болғанын байқау қабілеттерін бекіту; зейінін, түйсігін дамыту.</p> <p>Тап-таза, көгілдір алаң,</p> <p>Бұл жердің шатыры - аспан.</p> <p>Аспан - күннің мекені, Жұлдыздар мекені. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру;</p>	<p>жапырақтардың желге жайқалғанын көріп, құбылыстың болғанын байқауды үйрету; зеректікке, байқағыштыққа тәрбиелеу.</p> <p>Жел бізбен ойнамақ, Оңға-солға жасырынбақ. Жапырақтар да ойнайды, Күннің көзіне жылтындайды.</p> <p>Д. Ахметова</p> <p>- Балалар, жапырақтарға қарайықшы, жел қайда жасырынып жүр?</p> <p>- Жел жапырақтарды шайқап, бізбен ойнап жүр.</p> <p>Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған құрғақ бұтақтарды жинауға</p>
--	---	---	--	--	--

	<p>Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.</p> <p>"Кім тыныш?" қимылды ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта тыныш жүру әдебіне үйрету, аяқтың табанын толық басып және аяқтың ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; белгіге сай қозғалуға ынталандыру.</p> <p>- Балалар, қазір аяқтарымызды нық басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік. Сайға қарай адымдаймыз,</p>	<p>түсіп қалған құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.</p> <p>"Сары күнге ұқсап" қимылды жаттығуы.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды айтылған сөздердің ырғағына сай қимылдауға, педагогтің көрсетуіне еліктеуге үйрету, жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін қалыптастыру.</p> <p>Сары күнге ұқ-сап (қол белде, басты оңға-солға шайқау), Біз жүреміз "сап-сап"</p>		<p>топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.</p> <p>"Саппен жүру жаттығуы".</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балалардың сапта түзу бағытпен жүріп, екі аяқпен секіріп, алға жылжу қабілеттерін жетілдіру, тепе-теңдікті сақтау қабілеттерін дамыту, бұлшық еттерін шымыр ету.</p> <p>Педагог балаларды көркемсөзбен қимылдарға ынталандырады. Алдымызда ұзынша Жайылып тұр жолақша. Топ-топ етіп басайық, Қадам басып барайық. Секіреміз оп-оп! Біз жүреміз топ боп.</p>	<p>шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.</p> <p>"Қоңырауым қайда?" қимылды ойыны.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды белгілі бағытта белгі бойынша жүгіруге жаттықтыру. Педагог балаларға ойынның бастамасын көрсетеді. Қоңырауым қайда? Сыңғырлайды сайда. Кім адаспай тауып алады, Қоңырауды қолға алады. Балалар жасырынған қонырауды тауып</p>
--	---	---	--	--	--

	<p>Түрлі дыбысты тыңдаймыз. Көрейік. Бұл қай бұрыш? Тыңдайық. Тыныш ... Тыныш ... - Қанекей, балалар, аяқтың ұшымен тыныш жүрейік ... - Бұл жақта не бар екен? - Тамаша! Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды. Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру бағыттары ауысады. Еркін ойындар: аулаға шығарылатын ойыншықтармен ойындар. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</p>	<p>(шапалақтау). Бұлт келсе қап-тап (жұдырықты кеуденің алдында айналдыру), Жаңбыр жауар "там-там" (алақанды саусақпен соғу). "Масаны ұстап ал!" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың қозғалысты көзбен көру белгісімен үйлестіре алуын дамыту, балаларды белгі бойынша бір орнында секіру дағдыларын қалыптастыру. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру, қоршаған ортамен танысу)</p>		<p>Д. Ахметова "Допты қағып ал" қимылды жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балаларды допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға, ептілікке баулу. (дене шынықтыру, қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</p>	<p>алып, қолға алып сыңғырлатады. Педагог келесі жолы қоңыраудың орнын ауыстырады. "Шашылған бұршақтарды (доптарды) жинайық" қимылды жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балаларды шапшандыққа, дәлдікке, қоршаған кеңістікті бағдарлауға баулу, топтастармен тату ойнауға, достыққа тәрбиелеу. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)</p>
<p>Серуеннен оралу</p>	<p>Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.</p>				

Түскі ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулу. - Аспазымыз не дайындапты?				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу. "Ұйықташы, қозым". Д. Ахметова. Ұйықташы, қозым, Жұмылсын көзің. Ұйқың тәтті болсын, Денеңе қуат толсын.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Ауа ванналары. Алғашқы мәдени-гигиеналық әрекеттерді жасауға қызықтыру. "Қолдарымыз қайда?" Шығарайық алға. Жеңімізді түрейік, Жуынып көрейік. Су астына салайық, Уқалайық, сипалайық. Қандай тамаша! Қолдарымыз тап-таза.				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; тамақтану мәдениетіне баулу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және	"Жармадан қамыр илейік" дамытушы жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балаларға жарма туралы алғашқы	Күшік ойыншығымен ойнату. Мақсат-міндеттері. Балаларды ойыншыққа, оны		"Қайда екенін көрсет" қимылды жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Дене мүшелерін дұрыс атауды үйрету.	Сенсорикадан ойын-жаттығу "Түрлі ойыншықтар" Мақсат-міндеттері. Балаларға біркелкі заттар мен

<p>тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>түсініктер беру; қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Құралдар: шұңғыл пластик ыдыстарға егілген жармалар, сүлгілер, төсеніштер. - Балалар, қазір бір қолымзды мына ыдысқа салып, әжеміз сияқты қамыр илеп көреміз. Педагог балаларға қолдарын жармаға салып, баяу қимылдар арқылы жарманы саусақтармен араластыру қимылдарын жасау үлгісін көрсетеді. Балалардың жарманы алдарына төкпеуін қадағалау керек. (мүсіндеу, сөйлеуді дамыту)</p>	<p>жіптен тартып сүйреуге қызығушылықтарын қалыптастыру. Педагог күшік ойыншығын ортаға отырғызады. - Күшігім-ай, күшік-ай! Неге жалғыз қалдың ай? - Мен ешқайда кетпедім, Үлкен үйді күзеттім! - Үйді қалай күзеттің? - Ап-ап-ап! Абайлаңдар! Ап-ап-ап! Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту)</p>		<p>Зейін, сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамыту. Үйрек арба ойыншығымен ойнату. Мақсат-міндеттері. Балаларды ойыншықпен әртүрлі манипуляция жасау арқылы оны қозғалысқа келтіруге қызығушылықтарын қалыптастыру. Құралдар: үйрек арба ойыншығы. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</p>	<p>геометриялық пішіндер жөнінде қарапайым түсінік беру, ортақ пішіні және көлеміне қарап, оларды біріктіруге үйрету; біріктіру не бөлу тапсырмаларын үлгіге немесе сөздік нұсқамаға сүйеніп, орындауға қызығушылықтарын қалыптастыру; біркелкі пішіндердің бір-бірінен айырмашылығын ажыратуға дағдыландыру. Балалардың сенсорлық эталондарды қабылдап, оларды өзара ажырату білу мүмкіндіктерін арттыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейінін, танымы мен байқағыштығын</p>
------------------------------	---	---	--	---	---

					<p>дамыту. "Пішіндер қонаққа шақырады" іс-тәжірибе жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Геометриялық пішіндерді анықтауды, бір-бірінен ажыратуды үйрету. Есту, еске сақтау, ойлау, сөйлеуді дамыту. "Сәлем!" мультфильмін көру. Мақсат-міндеттері. Балалардың эмоцияларын жетілдіру; ересек пен топтастардың жанында жүріп, бәріне жағымды көңіл күйге бөленуіне мүмкіндік жасау. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)</p>
Балалармен жеке	"Қуыршақтар"	"Сары күнге ұқсап"		"Сергіту сәті"	"Арба"

жұмыс	сюжетті-рөлдік ойыны. Мақсат-міндеттері. Өртүрлі ыдыс-аяқ түрлері туралы білімдерін бекіту, ыдыс-аяқты мақсатына сай пайдалану дағдысын қалыптастыру; тамақтану кезінде өзін әдепті ұстау мәдениетіне тәрбиелеу.	қимыл жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Қарым-қатынас дағдыларын, топта өзара әрекеттесу әдістерін дамыту, күйзелісті төмендету. Сары күнге ұқ-сап, Біз жүреміз "сап-сап". Бұлт келсе қап-тап, Жаңбыр жауар "там-там".		Мақсат-міндеттері. Қимылды жаттығу орындау арқылы тілдерін жатттықтыру. Алдымызда ұзынша, Жайылып тұр жолақша. Топ-топ басайық, Бірге жылдам барайық. Секіреміз оп-оп! Біз жүреміз топ боп. Д. Ахметова	Мақсат-міндеттері. Арба ойыншықты ойнату. Арба ойыншық, Көлік, күшік, мысық, Бір орында тұрмайды, Жібінен тартсаң жорғалайды, Дөңгелектері домалайды. Жіпті тартып жүрейік, Көп жерлерге жетейік.
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету.				
Серуен	Апта тақырыбы бойынша ойындар, ауа райын бақылаулар.				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өзі шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру.				
Кешкі ас	Тағамның атауын есте сақтау, тағамды ішу рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуді, әдепті бала болуды үйренеміз".				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Қиылған суреттерді тұтас суретке жинау ойындары (2-4 бөлік). Ұяшықтарға пішіндерді салу ойындары. Бауы байланатын ойыншықтармен ойындар. Мақсат-міндеттері. Қолдың ұсақ моторикасын, ойлау, зейін қабілеттерін дамыту.				

тағы басқа әрекеттер)	<p>Музыкалық аспаптармен (сылдырмақтармен) ойындар: әуеннің (1/2 мөлшерінің) ырғағына сай сылдырлатуға бейімдеу.</p> <p>"Құлыншақ ойыншығымен ойнату.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды тақпақты айту барысында "Құлыншақ" ойыншығына қарап, қимылдарына еліктеуге ынталандыру, айтылған сөздерден жағымды әсер алуға баулу.</p> <p>"Құлыншақ тентек екен".</p> <p>Құлыншақ тентек екен, Желкесінде жалы желкендей, Желмен жарысып шауып, Анасына ұстатпай кеткен. - Құлыншағым, алысқа шаппа, Далаға қашпа! Д. Ахметова"</p>
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	<p>Әңгімелесу: "Балалардың балабақшаға үйренісуінің ерекшеліктері", "Баланың ең сүйікті ойыншығы мен заты", "Баланың қандай тағамға аллергиясы бар?"</p>